



**Акционерлердің жалпы  
жиналысының отырысын өткізбей  
сырттай дауыс беру арқылы  
2022 жылғы 19 қазанға белгіленген  
«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің  
кезектен тыс жалпы жиналысының  
материалдары**

**Астана 2022**

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ  
МӘЖІЛІСІНІҢ ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ

№ 14/2022 пункт 8

Нұр-Сұлтан қаласы

ВЫПИСКА ИЗ ПРОТОКОЛА  
ЗАСЕДАНИЯ СОВЕТА ДИРЕКТОРОВ

«9» қыркүйек 2022 ж./г.

город Нур-Султан

### «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі **ШЕШТІ:**

8.1. «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы 2022 жылғы 19 қазанда «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының отырысын өткізбей сырттай дауыс беру арқылы келесі күн тәртібімен шақырылсын:

«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы.

8.2. «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы) Т.Н. Құрманбаев осы шешімді іске асыру жөнінде қажетті шараларды белгіленген тәртіппен қабылдасын.

Корпоративтік хатшы



**А. Шманов**

**«ҚазТрансОйл» АҚ  
Акционерлері жалпы жиналысының шешімі**

**«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына  
өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселені және ұсынылған материалдарды қарап, Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы **ШЕШТІ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтыру енгізілсін.

2. Қоғамның бас директоры (Басқарма төрағасы) Т.Н. Құрманбаев:

1) осы шешімнің қосымшасына сәйкес «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтыруға қол қойсын;

2) осы шешімнен туындайтын өзге де қажетті шараларды белгіленген тәртіппен қабылдасын.

**«ҚазТрансОйл» АҚ**  
**Акционерлері жалпы жиналысының**  
**2022 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_**  
**шешімінің жобасына қосымша**

**«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының**  
**Жарғысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**  
**мәселе бойынша түсіндірме жазба**

Астана қ.

2022 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

**1. Мақсаты мен міндеті**

«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы шешім қабылдау.

**2. Экономикалық тиімділігі**

Қоғамның Жарғысына, оның қызметінің нысанасын кеңейту бөлігінде, өзгерістер мен толықтыру енгізу Қоғамға қызметтің тиісті түрлерін жүзеге асыруға және олар бойынша табыс алуға мүмкіндік береді.

**3. Акционерлер жалпы жиналысының қарауына шығарылатын мәселені жүргізілген сараптама (қаржылық, заңдық, техникалық) туралы ақпаратты аша отырып, қысқаша сипаттау**

Қоғам Қоғам қызметінің нысанасын кеңейту және қазіргі уақытта Қоғам жүзеге асырмайтын қызмет түрлерін одан алып тастау, сондай-ақ Жарғысын «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдар арасында жасауға қатысты «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен ерекше шарттар белгіленген мәмілелер жасасу қағидаларына (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» АҚ Қағидалары) (2021 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша өзгерістермен) сәйкес келтіру мақсатында Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтыру әзірледі.

Қоғам қызметінің нысанасы бөлігінде.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 192-бабы 4-тармағына сәйкес өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу проценттен астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлері кеңейтілген және (немесе) өзгертілген кезде монополияға қарсы органның келісімі қажет.

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Қоғамның тиісті өтінішхатына 2022 жылғы 14 қаңтардағы №01-3-09/12260 хатпен Қоғамның «кәсіпкерлік субъектілерінің белгіленген қуаты 200 кВт дейінгі электр қондырғыларын энергия беруші ұйым ретінде Қоғамның электр желілеріне технологиялық қосуды жүзеге асыру бойынша қызметтер көрсету» (ЭҚЖЖ коды 35121) қызмет түрін жүзеге асыруына келісім берді.

Бұдан басқа Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1095 Қаулысымен бекітілген Мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу процентінен астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесінен «тұрғын үйдің басқа түрлері» (ЭҚЖЖ коды 55900) қызмет түрінің алынып тасталуына байланысты 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап Қоғам келесі қызмет түрлерін жүзеге асырмайды:

Қоғамның магистральдық құбырлары объектілері орналасқан географиялық шекараларда тұрғынжай ұсыну қызметтерін көрсету;

Қоғамның «Үлкен Шаған» мұнай айдау станциясының жатақханасында «Үлкен Шаған» МАС-та жұмыстарды орындайтын жұмыскерлер үшін тұрғынжай ұсыну бойынша қызметтерді көрсету.

Осыған байланысты Қоғам қызметінің түрлері бойынша тиісті өзгерістер мен толықтыру енгізіледі.

#### «Самұрық-Қазына» АҚ Қағидалары бөлігінде.

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 30 қыркүйектегі шешімімен (№187 отырыс хаттамасы) «Самұрық-Қазына» АҚ Қағидаларына «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдар арасында жасалуына мүдделілік бар ірі мәмілелерді жасау тәртібін айқындайтын түзетулер енгізілді. Тиісінше, Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің осындай мәмілелерді жасасу туралы шешімдер қабылдау жөніндегі құзыреті нақтыланады.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қоғам Жарғысына сәйкес Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған. Осыған байланысты Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының қарауына Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы мәселе шығарылады.

Қоғам Жарғысына енгізілетін өзгерістер мен толықтыруды Қоғам Басқармасы мен Директорлар кеңесі мақұлдады.

#### **4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі**

Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтыру Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді.

**5. Шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайдағы негізгі проблемалар, тәуекелдер, ықтимал салдарлар**

Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы мәселе бойынша шешім қабылдау қандай да болмасын проблемалардың және тәуекелдердің туындауына әкеліп соқтырмайды.

**Бас директор  
(Басқарма төрағасы)**

 **Т. Құрманбаев**